

Шот ашпай жеке тұлғаларға аударымдарды жүзеге асыру кезінде техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған қосылу шарты

Алматы қаласы

2022 жылғы «05» маусымдағы №1 редакция

Осы Шот ашпай жеке тұлғаларға аударымдарды жүзеге асыру кезінде техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, ал жеке алғанда «Тарап» деп аталатын Клиент және Процессор - **«PaymTech» ЖШС** арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Осы Шарттың талаптары стандарттық нысанда айқындалды.

Клиент Шартқа осы Шартқа № 1 Қосымшаның (бұдан әрі – «Өтініш») нысаны бойынша Шартқа қосылуға арналған өтініште өзінің қолын қою жолымен қосылады. Бұл ретте Өтініш және Шарт тек қана бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Клиенттің, оның өкілінің Өтініштегі қолы Клиенттің Шартқа қосымшаны қоса алғанда, Процессормен оған ұсынылған Шарттың талаптарымен танысқанын және де оларды жалпы алғанда, <https://paymtech.kz/pdf/terms-and-conditions-kz.pdf> электрондық мекенжайында орналасқан Шартқа қосылу жолы ретінде ғана қабылдайтынын білдіреді.

Шарт Процессормен Клиентпен/оның өкілімен қол қойылған Клиент Өтінішін қабылдау күнінен бастап жасасқан және күшіне енген деп есептеледі.

Осы Шарт Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, Процессор және Клиент арасындағы өзге де құқықтық қатынастарды белгілейді, шотты ашпай жеке тұлғаларға аудармаларды жүзеге асыру кезінде Процессормен техникалық қолдау қызметтерін көрсету талаптары мен тәртібін айқындайды.

Осы Шартта қабылданған анықтамалар

Сауалнама/№1 қосымша — Клиентпен толтыруға жататын, осы Шартқа №1 Қосымшада белгіленген нысан бойынша сауалнама.

Банк – эквайрингтік қызметтерге арналған лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк және тиісті Карталар ұстаушыларынан қабылданған төлемдерді өңдеуге арналған Эквайринг шарты.

Төлем картасы немесе Карта — Эмитент және Карта ұстаушысы арасында жасасқан шартқа сәйкес, Эмитентте бар ақшалай қаражаттармен операцияларды

Карта ұстаушысымен жасауға арналған төлемнің электрондық құралы болып табылатын қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар құралы.

Карта ұстаушысы немесе Сатып алушы — Қазақстан Республикасының заңнамасына және Эмитентпен шартқа сәйкес, Эмитентте бар ақшалай қаражаттармен операцияларды жасау үшін Картаны пайдаланатын жеке тұлға, оның ішінде заңды тұлғамен уәкілетті тұлға.

Эквайринг шарты — Банкпен және Клиенттің мүдделерімен әрекет ететін Процессор арасында жасалатын, Процессордан Банкке ұсынылған ақпараттың негізінде Карталарды пайдаланумен Клиенттің Тауарларын төлеу мақсатында жеке тұлғалармен жасалған Операцияларды Өңдеу және Банкпен Операцияларды жүзеге асыру туралы шарт.

Дүкен — Интернет арқылы Клиентпен өткізілетін Тауарлар және олардың құны туралы ақпаратты ұсынуды, сонымен қатар Сатып алушылардан оларды сатып алуға тапсырыстар қабылдауды қамтамасыз ететін, Интернет желісіндегі бірегей web-мекенжайына ие Клиенттің бағдарламалық өнімі.

Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ) — «VISA International», «Mastercard Worldwide» халықаралық төлем жүйелері және Банкпен және Процессормен қолдау көрсетілетін өзге де ХТЖ.

Клиент — Процессормен осы Шартты жасасқан және орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер, ұсынылған тауарлар үшін Интернет арқылы төлеуге Картаны қабылдауға ниет білдіретін заңды тұлға (дара кәсіпкер).

Алаяқтық операция — ХТЖ-мен және/немесе Эмитентпен алаяқтық деп мәлімделген және/немесе Карта ұстаушысы дауласқан операция. Өткізілген Операциялардың алаяқтық сипатының жеткілікті растауы Банкпен немесе Процессормен электрондық түрде немесе факсимиле байланысын пайдаланумен алынған Эмитенттердің мәлімдемелері және/немесе ХТЖ-ның растаулары болып табылады (оның ішінде Қазақстан Республикасында ХТЖ өкілдіктерінің).

Операция — операциялардың келесі түрлері кіретін, банктік шотты пайдаланумен ақшалай қаражаттардың аударымдарын қабылдау және жүзеге асыру бойынша қызметтер: Төлеу операциясы; Қайтару операциясы.

Төлеу операциясы — Картаны пайдаланумен жүзеге асырылатын, Дүкенде Сатып алушымен Тауарды сатып алу мақсаттарында оның талабы бойынша Дүкенде жүргізілетін, Клиенттің пайдасына Сатып алушыдан ақшалай қаражаттарды аудару бойынша есеп айырысу операциясы.

Қайтару операциясы – Сатып алушымен Картаны пайдаланумен төленген Тауарды қайтару кезінде немесе бұрын жасалған Төлеу операциясының шеңберінде Тауарды

төлеген кезде оның шотынан есептен шығарылған ақшаны оған қайтаруға қажеттілік туындаған кезде Картаны пайдаланумен жасалатын есеп айырысу операциясы. Қажет болғанға қарай Төлеу операциясын ішінара қайтаруға жол беріледі.

ХТЖ қағидалары — төлем жүйесіне қатысу, ақшалай қаражаттарды аударуды жүзеге асыру, төлем инфрақұрылымы қызметтерін көрсету шарттары және қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем жүйесінің операторымен айқындалатын өзге де шарттарды қамтитын құжат (құжаттар жиынтығы).

Сайт — әдеттегідей, Интернет желісіне қосылған және тиісті техникалық құралдары бар пайдаланушыға осы ақпаратқа қолжетімділікті алуға мүмкіндік беретін бір тақырыппен және/немесе мақсатпен біріктірілген, ақпараттың, оны ұсыну тәсілінің және техникалық құралдардың жиынтығы.

Жүйе — осы Шарттың 1.1.-тармағына сәйкес Процессордың қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін «Paymtech» бағдарламалық-аппараттық кешені.

Шарттың Тарапы (Тарап) – Процессор немесе Клиент.

Тауар — Клиент Сатып алушылармен шарттарды, оның ішінде ауызша нысанда немесе оферта акцептісі нысанында жасасқан, оларға Клиентпен өткізілетін және Сатып алушымен Картаны пайдаланумен төленетін тауар, жұмыс, қызмет, интеллектуалды қызметтің нәтижесі.

Эмитент — Төлем картасының шығаруын (эмиссиясын) жүзеге асыратын төлем қызметтерінің жеткізушісі.

Сыйақы мөлшерлемесі – бұл №1 Қосымшада көрсетілген әрбір Төлеу операциясынан ұсталатын жалпы пайыз. Сыйақы мөлшерлемесіне мөлшеріне комиссияның Банкпен реттелетін минималды сомасы кіруі мүмкін.

1. Шарттың мәні

1.1. Процессор Дүкенде Тауарды сатып алу және Операцияны жүзеге асыру үшін Банкке қажетті ақпаратты табыстау мақсатында, электрондық нысанда Сатып алушымен бастама жасалған төлемдерді өңдеу бойынша қызметтерді Клиентке сыйақы үшін көрсетуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шарт бойынша Процессор Банкпен айқындалатын нысан және талаптар бойынша Банк және Клиенттің мүдделерімен әрекет ететін Процессор арасында жасалатын Эквайринг шартын Клиенттің тапсырмасы бойынша оның атынан жасасуға және орындауға міндеттенеді, сонымен қатар Сатып алушымен электрондық түрде бастама жасалған төлемдерді өңдеу бойынша және Картаны пайдаланумен жасалған Операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты

Банкке беру бойынша қызметтерді көрсетеді, ал Клиент Шартпен көзделген сыйақыны төлеуге міндеттенеді.

1.3. Эквайринг шарты бойынша Процессор құқықтарға ие болады және міндетті болады, Клиенттің деректері осындай Шартта көрсетілсе де немесе Клиент Банкпен Эквайринг шартын орындау бойынша тікелей қарым-қатынастарға кірсе де.

1.4. Оларды орындау үшін аудармалар жасалатын, Сатып алушылардың Клиенттің алдындағы міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Сатып алушының Клиентпен шартында белгіленген тәртіпте және негіздер бойынша туындайды. Көрсетілген міндеттемелер солардан туындайтын қарым-қатынастар осы Шартты реттеу мәніне кірмейді және Процессор үшін қандай да болсын міндеттерді туғызбайды.

2. Шартты жасасу кезінде өзара әрекеттесу тәртібі

2.1. Осы Шарт Клиенттер үшін осы Шартпен және Сауалнамамен айқындалған талаптармен Шартты жасасу үшін Процессордың атына Өтініштерді жіберу жолымен Шарттың талаптарына қосылуға ұсыныс болып табылады.

2.2. Процессордың атына Өтінішті жіберу Клиенттің Шартқа қосылуын, қандай да болсын өзгерістерсіз және/немесе шектеулерсіз Клиентпен және Процессормен осы Шарттың және Сауалнаманың барлық талаптарын толық шартсыз қабылдауды білдіреді және екі жақты жазбаша Шартты жасасуға тең болады (ҚР АҚ 389-бабы).

2.3. Осы Шартты орындау тәртібі тек қана Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

2.4. Клиент Өтінішпен танысқан соң Шартқа қосылуға арналған Өтінішті жібереді, Өтінішке Клиент шындыққа сәйкес келетін мәліметтерді, сонымен қатар Тараптармен алдын ала келіссөздер процесінде келісілген Сыйақы мөлшерлемесін, және Клиенттің қолы бар аталған Сауалнаманың сканерленген (электрондық) нұсқасын қамтитын Сауалнаманы Процессордың support@paymetch.kz электрондық поштасына немесе Процессор менеджерінің дербес мекенжайына қоса береді.

2.5. Процессор Клиенттен толтырылған Өтінішті және Сауалнаманы тиісті түрде алған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Клиентке Жүйеде Клиенттің жеке кабинетін жасау (бұдан әрі – «Жеке кабинет»), сонымен қатар Клиенттің Жүйемен бағдарламалық-аппараттық кешенінің интеграциялық өзара әрекеттесуін Клиентпен жүзеге асыру үшін Клиентке АРІ жіберу жолымен Жүйеге қолжетімділікті ұсынады. Процессормен Жүйеге қолжетімділікті ұсыну фактісі Тараптармен Шартты жасасудың растауы болып табылады. Процессор Өтінішті немесе Сауалнаманы алмаған немесе дұрыс толтырылмаған Өтінішті және/немесе Сауалнаманы алған

немесе Клиенттің Шарттың ережелерін және/немесе ҚР заңнамасын сақтамаған жағдайда, Клиентпен Шартты жасасудан бас тартуға құқылы.

2.6. Тараптардың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Шарт күшіне енген сәттен бастап туындайды. Шарт Жүйеге қолжетімділікті ұсыну сәтінен бастап күшіне енеді.

2.7. Клиент Жүйеге тіркелу кезінде шындыққа сәйкес келетін қажетті мәліметтерді ұсынуға міндеттенеді.

2.8. Клиент онымен Процессордан алынған есептік деректердің сақталуын қамтамасыз етуге және оларды кез келген үшінші тұлғаларға ұсынбауға міндеттенеді.

2.9. Клиент Процессордан API алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, <https://paymtech.kz/pdf/terms-and-conditions-kz.pdf> мекенжайы бойынша орналасқан интеграция бойынша қатаң сәйкестікте Жүйемен өзінің бағдарламалық-аппараттық кешенінің интеграциялық өзара әрекеттесуін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.10. Клиенттің Жүйемен бағдарламалық-аппараттық кешенінің интеграциялық өзара әрекеттесуін баптау сәтінен бастап Клиент Шартты орындау үшін Клиентпен пайдаланылатын жабдықтың және бағдарламалық жасақтаманың тиісті жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Қызметтерді көрсету мерзімдері

3.1. Процессор Төлеу операциясын жасау туралы Карта ұстауысының өкімін алған соң дереу Клиенттерге осы Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсетеді.

3.2. Эквайринг Шартына сәйкес Банк Жүйеде профилактикалық немесе техникалық жұмыстарды Банкпен жүргізу уақытын қоспағанда, Операциялардың тәулік бойы жүргізілуін қамтамасыз етеді.

3.3. Профилактикалық немесе техникалық жұмыстарды жүргізу уақыты Банкпен айқындалады және де Процессордың еркінен немесе ниеттерінен тәуелді емес, осыған байланысты Процессор осындай жұмыстарды жүргізу кезінде, осы Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген қызметтерді мерзімінде көрсетпегені үшін жауапты болмайды.

3.4. Процессор келесі жағдайларда Клиентке қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға құқылы:

- Процессордан тәуелді емес және де Процессордың пікірі бойынша осындай мән-жайдың әрекет ету мерзіміне Процессор үшін елеулі залалдарға әкеп соқтыра алатын мән-жайлар туындаған жағдайда;

- Клиентпен Шартта немесе ҚР заңнамасында көзделген кез келген өзінің міндеттемесін бұзған жағдайда – Клиентпен жіберілген бұзушылық толық жойылғанға дейін;
- Клиентке қатысты Банктен және/немесе Эмитенттен сұрау салу рәсімдерін тоқтату туралы және Процессормен Банктің Операцияларды жүргізуге немесе Операциялардың жүргізілуін тоқтатуға рұқсатын алу туралы хабарламаны алған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

3.5. Процессор қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру туралы, осындай тоқтата тұру күнінен кешіктірмей, Клиентке электрондық пошта бойынша хабарламаны жібереді және/немесе Сауалнамада Клиентпен көрсетілген жауапты қызметкердің телефоны бойынша тоқтата тұру себебі мен мерзімін көрсетумен хабарлайды.

3.6. Процессор қызметтерді көрсетуден бір жақты тәртіпте бас тартуға құқылы, ал Банк Банкте және/немесе Процессорда кез келген келесі мәліметтер болған жағдайда Операциялардың жүргізуін тоқтатады:

- Дүкенде Алаяқтық операцияларды жасау және/немесе Клиенттің және/немесе оның қызметкерлерінің, сондай-ақ Сатып алушылардың алаяқтық немесе өзге заңсыз қызметіне қатысу;
- Клиентпен Процессорға Клиент, оның қызмет аясы және т.б. туралы сенімсіз ақпаратты ұсыну;
- Дүкенмен/Клиентпен Процессорға және Банкке алдын ала хабарлаусыз Дүкен Сайтының домендік атына өзгерістерді енгізу;
- Дүкеннің/Клиенттің №3 Қосымшада және/немесе Эквайринг Шартында белгіленген талаптарға сәйкессіздігі;
- Дүкенмен/Клиентпен Банкке және/немесе Процессорға қаржылық және/немесе беделдік зиян келтіре алатын қызметтің түрлерін жүзеге асыру;
- Банкпен және/немесе Процессормен Клиенттің Қайтару операцияларынан заңсыз бас тарту жағдайларын немесе ақшаның бұрын жүргізілген Төлеу операциялары бойынша Сатып алушының шотынан заңсыз есептен шығарылған өзге жағдайларын анықтау;
- Клиенттің Шарттың 5.4., 6.2.-тармағында айқындалған жағдайларда және тәртіпте Банкке және/немесе Процессорға ақша аудару бойынша міндеттемелерді орындамаған кезде;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Процессор мыналарға міндеттенеді:

4.1.1. Клиентті Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, Клиентке қызметтер көрсету үшін Процессордың Жүйесіне қосуға;

4.1.2. нақты уақыт режимінде Клиент тарапына тиісті орындалған баптаулар болған кезде Операциялар туралы хабарламаларды Клиентке жіберуге;

4.1.3. Клиентке осы Шарттың 5-бөлігіне сәйкес мерзімдерде және тәртіпте Көрсетілген қызметтер туралы актілерді ұсынуға;

4.1.4. өзінің орналасқан орны және/немесе банктік деректемелер өзгерген жағдайда тиісті оқиға басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Клиентке хабарлауға.

4.2. Процессор мыналарға құқылы:

4.2.1. Клиенттің міндеттемелері туралы ақпаратты және Клиенттің құжаттарын Клиенттен ұсынуды талап етуге, егер осындай ақпараттың қажеттілігі Қазақстан Республикасы заңнамасының, сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтаумен туындаған жағдайда. Бұдан басқа ақпарат пен құжаттар талап етілуі мүмкін:

Клиенттің уәкілетті тұлғасының Клиенттің тіркеуін растайтын өкілеттіктері;

- Сатып алушыларға Тауарды жеткізу тәсілдері туралы;
- тауарлардың шығу көздері туралы;
- Клиентте ұсынылатын Тауарларды ұсынуға арналған сертификаттардың, сәйкестік сертификаттарының, гигиеналық және өзге сертификаттардың болуы туралы;
- ұсынылатын Тауарларға авторлық құқықтар туралы.

4.2.2. Картаны ұстамаушылармен жүргізілетін Операцияларды анықтау және/немесе Клиентпен Салушыларға Процессормен келісілмеген Тауарларды ұсыну жөнінде Клиенттің аудитін жүргізуге;

4.2.3. Клиенттен Карталарды пайдаланумен Операциялар бойынша ақпаратты және құжаттарды сұратуға (Сатып алушылардың Тауарды алудың тізілімдерін, қолхаттарын және Операцияның жасалуын негіздейтін өзге де құжаттарды сұратуға. Көрсетілген ақпарат және құжаттар Клиентпен Процессорға №1 Қосымшада байланыс ретінде Клиентпен көрсетілген электрондық мекенжайға электрондық пошта арқылы сұрау салу жіберілген сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Процессорға ұсынылуға тиіс;

4.2.4. Клиентке бірде бір Операция жүрізілмеген есепті кезең үшін Көрсетілген қызметтер туралы актіні ұсынбауға;

4.2.5. өзінің raumtech.kz ресми сайтында Клиентпен бұлайша ретінде ұсынылған Клиент туралы ақпаратты, Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың тауар белгісін, Клиентті (үшінші тұлғаларды) өзге де дараландыру құралын орналастыруға;

4.2.6. Клиентке келесі жағдайлардың біреуі басталған кезде, Сауалнамада көрсетілген мөлшерде Шарт бойынша абоненттік төлемді тағайындауға;

- Клиенттің атына бірде бір Төлеу операциясы жүргізілмеген күнтізбелік ай ішінде;
- күнтізбелік ай шеңберінде жүзеге асырылған Төлеу операциялары бойынша Клиенттің Процессордың алдында берешегі пайда болды;
- Шартты жасасқан кезде Клиентпен Сауалнамада көрсетілген күнтізбелік ай шеңберінде ақшалай шамадағы айналым көлемінің нақты айналым көлеміне сәйкес келмесе.

4.3. Клиент мыналарға міндеттенеді:

4.3.1. Процессорға осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес мөлшерде және тәртіпте сыйақыны төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың 6, 8-тармақтарында көзделген, Процессордың талаптарында көрсетілген сомаларды төлеуге;

4.3.2. Клиентпен №1 Қосымшада көрсетілген өзінің интернет-сайтында осы Шарт бойынша Процессормен өзара әрекеттесу туралы ақпаратты орналастыруға;

4.3.3. Сатып алушылардың Клиент алдында Тауарларды төлеу бойынша міндеттемелерді осы Шарттың 4.1.2.-тармағына сәйкес тиісті Төлеу операциясы туралы хабарламаны жіберген сәттен бастап орындалған деп тануға;

4.3.4. Сатып алушылардан Процессорға төлеуге жататын сыйақыны өндіріп алмауға және де Процессордың қызметтерін пайдаланумен олармен Тауарлардың төлеуін жүзеге асыруға байланысты Тауардың құнына ешқандай қосымша шығыстарды жүктемеуге;

4.3.5. Сатып алушылардың Төлеу операциялары бойынша сомаларды қайтару туралы Сатып алушылардың наразылықтарын өздігінен шешуге;

4.3.6. үш күндік мерзімде Процессорға осы Шартты орындауға әсер ете алатын кез келген оқиғалар туралы, оның ішінде өзінің атауының, орналасқан орнының, нақты мекенжайының, банктік деректемелерінің, интернет-сайт мекенжайының, өткізілетін Тауарлар тізбесінің өзгерістері туралы үш күндік мерзімде хабарлауға;

4.3.7. Процессормен ақпаратты ашу нысанына және тәсіліне қарамастан, Тараптардың қызметтестігі туралы кез келген ақпараттың ашылуын алдын ала келісуге;

- 4.3.8. Процессормен осы Шарттың 4.2.5.-тармағына сәйкес тиісті үшінші тұлғаның осындай орналастыруға тиісті түрде ресімделген жазбаша келісімі болған кезде, Процессорға үшінші тұлғаларды дараландыру құралдарын ұсынуға;
- 4.3.9. Клиенттің Процессормен келісілмеген Тауарларды ұсынғанына және/немесе Карта ұстаушысымен Операцияның жасалғанына күмән тудырған Операциялар бойынша есепті Процессорға 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынуға;
- 4.3.10. Карта ұстаушылары туралы, оның ішінде Клиентке Шарттың талаптарын орындау нәтижесінде белгілі болған барлық мәліметтерді құпияда ұстауға;
- 4.3.11. Процессорға құжаттарды түпнұсқада келесі ұсынумен сканирленген түрде құжатты дереу жіберу жолымен Процессорды төлем деректемелерімен, өткізілетін Тауарлардың сипатымен байланысты барлық өзгерістер туралы, өзге құжаттардың және Процессорға бұрыннан ұсынылған Клиент туралы басқа ақпараттың өзгерістері туралы ақпараттандыруға;
- 4.3.12. Клиенттің құрылтай және өзге құжаттарына өзгерістер болмаған кезде Процессордың талабы бойынша жылына кемінде бір рет Клиент басшысының қол қоюымен жазбаша түрде Процессорға Клиент туралы бұрыннан ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен шынайылығын растауға;
- 4.3.13. Процессорға Клиенттің алғашқы Операциясын жүргізу күнінен бастап 2 (екі) аптадан кешіктірмей, осы Шартта көрсетілген Процессордың мекенжайына қол қойылған Сауалнаманың түпнұсқасын және Өтінішті жіберуге.
- 4.3.14. Сатып алушылардың және/немесе Карта ұстаушыларының дербес деректерінің жинауы мен өңдеуін Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға, Сатып алушылардан және/немесе Карта ұстаушыларынан Шарттың міндеттерін орындау үшін Процессорға олардың дербес деректерін беруге келісімдерін өздігінен алуға.
- 4.3.15. Шартқа қосылған сәттен бастап 1 (бір) күн ішінде оларды Жүйеге орналастыруға арналған форматта Процессорға өзінің тауар белгісін, Клиентті өзге дараландыру құралын ұсынуға. Клиент Процессорға осы Шартты қолдану кезеңінде Жүйеде оның тауар белгісін немесе өзге дараландыру құралының орналастыруға келісімін ұсынады.

5. Процессордың сыйақысы және есеп айырысу тәртібі

- 5.1. Процессордың күнтізбелік айға тең болатын кезең үшін сыйақы мөлшері №1 Қосымшаға сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің негізінде есептеледі.

5.2. Процессорға Процессордың сыйақысын Банкпен, сондай-ақ Процессормен Клиентке аударуға жататын Төлеу операцияларының сомасынан ұстап қалуға және аударуға жол беріледі.

5.3. Клиентке аударуға жататын Төлеу операцияларының сомаларын Клиентке Банк және/немесе Процессор осы Шарт бойынша жүзеге асыруға құқылы барлық ұстап қалуларды шегере отырып, оның ішінде Шарттың 5.1.-тармаққа сәйкес Процессордың сыйақысын, Шарттың 8-бөлігіне сәйкес айыппұлдардың сомасын, Қайтару/ішінара қайтару операцияларының сомасын аударуға жол беріледі.

5.4. Клиент Процессорға Эквайринг шартында Банктің Операциялар бойынша Клиентке ақшалай қаражаттарды аударуға жататын аударымдардан ұстап қалуға құқығы бар екенін көрсетуге келіседі және тапсырады:

- осы Шарттың талаптарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе ХТЖ қағидаларын бұза отырып жүргізілген Операциялар бойынша;
- Эмитентпен Карта ұстамаушысымен жүргізілген ретінде мәлімделген Операциялар бойынша (Dispute/Chargeback).

Тараптар Банкпен электрондық түрде немесе факсимиле байланысын пайдаланумен алынған Эмитенттің мәлімдемелері және/немесе Банкпен алынған және Процессорға электрондық түрде немесе факсимиле байланысын пайдаланумен берілген ХТЖ растаулары операцияның Карта ұстамаушысымен жүргізілгенін жеткілікті растауы деп келіседі.

Банкпен Процессордан осы тармақта көрсетілген ұстап қалулардың сомаларын осы Шарттың талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және/немесе ХТЖ қағидаларын бұза отырып жүргізілген Операциялар бойынша, сонымен қатар Эмитенттермен Карта ұстамаушысымен жүргізілген ретінде мәлімделген Операциялар бойынша айыппұлдар нысанында өндіріп алынған жағдайда, Клиент Процессордың талап етуі алынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде соңғысына Процессормен Банкке төленген ұстап қалу сомаларын өтеуге міндеттенеді.

5.5. Есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, Процессор Клиентке осы Шарттың №2 Қосымшасының нысаны бойынша Көрсетілген қызметтер туралы актіні Жүйеге қосу жолымен жібереді. Егер есепті кезең үшін Процессормен Клиенттің пайдасына Операцияны жасау туралы карта ұстаушысының бірде бір өкімі орындалмаған жағдайда, Процессор Клиентке Көрсетілген қызметтер туралы актіні ұсынбауға құқылы.

5.6. Егер Көрсетілген қызметтер туралы акт алынған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Клиент Процессорға өзінің қарсылықтарын жібермесе,

Процессордың есепті кезең үшін тиісті қызметтері толық көлемде және тиісті түрде көрсетілген деп есептеледі. Клиенттің Көрсетілген қызметтер туралы актіге қатысты қарсылықтары алынған кезде егер Клиенттің Көрсетілген қызметтер туралы акт қамтитын сомаларға қатысты қарсылықтар негізді деп танылған жағдайда, Тараптар Процессормен Клиенттің қарсылықтарын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей деректердің айырмашылығы туралы актіні жасауға және де онда келесі есепті кезең үшін Көрсетілген қызметтер туралы акт қамтитын сомаларды есепке алуға міндеттенеді. Процессор Шарттың 11.5-бөлігінде көрсетілген пошталық мекенжайға 2 (екі) данада қол қойылған Актіні жолдайды.

5.7. Процессордан қағаз тасығышта Көрсетілген қызметтер туралы жасалған акт алынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиент Процессорға өзінің тарапынан қол қойылған Көрсетілген қызметтер туралы актіні жолдайды.

5.8. Қажет болған жағдайда, егер Клиент және/немесе Сатып алушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Процессормен осы Шарт бойынша қызметтер көрсетілген кезде эмитент банкпен немесе жіберуші банкпен белгіленген айырбастау курсы қолданылады.

6. Операцияны қайтару/болдырмау шарттары

6.1. Карта ұстаушысымен Карта бойынша төленген тауарды қайтару кезінде (жұмыстар, қызметтен бас тарту), Төлеу операциясын болдырмау кезінде Клиент келесі рәсімге сәйкес құжаттарды ресімдейді:

6.1.1 жеке тұлғаның – Клиент Сайты пайдаланушысының, Карта ұстаушысының Тауардан бас тартуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Карта ұстаушысының бастамасы бойынша орын алады;

6.1.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Клиент және Сатып алушы арасындағы пайдаланушылық келісімнің талаптарына сәйкес Карта ұстаушысынан Картаның шотына төленген қаражаттарды қайтару туралы талап алынған соң, Клиент:

6.1.2.1. өзінің дерекқорында Тауарды төлеу бойынша операцияның болуын тексереді (Клиенттің Тауарлар үшін автоматтандырылған есеп айырысулар жүйесі), сонымен қатар оны болдырмау мүмкіндігін растайды;

6.1.2.2. Тауарды төлеу бойынша операцияны болдырмау мүмкіндігін растау және сәтті тексеру жағдайында, Қайтару операциясын жасау үшін деректерді қалыптастырады және де бастапқы Операцияның нөмірі мен сомасымен және басқа да деректермен бірге Жүйеге табыстайды;

6.1.2.3. Жүйе Клиенттен деректерді алған сәттен бастап Қайтару операциясын жасау үшін деректер форматының дұрыстығын тексереді және де алынған сұрау салудың белгіленген нормативтерге сәйкестігі кезінде, сұрау салу Жүйеден Эмитентке табысталады;

6.1.2.4. Эмитенттен Қайтару операциясының оң нәтижесі туралы растау алынған соң, Клиент қайтару рәсімін аяқтайды. Егер де растау 3 (үш) жұмыс күні ішінде алынбаған жағдайда, Клиент Процессорға жазбаша сұрау салуға бастама жасайды.

6.2. Клиент Процессорға Эквайринг шартында мыналарды көрсетуді тапсырады:

- Банкпен аударым жүзеге асырылған жағдайда, қайтару/болдырмау сомасы Банкпен Төлеу операциялары бойынша Клиентке кейінгі аударымдардың сомасынан өндіріліп алынады.

- Процессормен аударым жүзеге асырылған жағдайда, қайтару/болдырмау сомасы Банкпен Процессордың арнайы шотынан өндіріп алынады. Клиенттің қайтару/болдырмау операциясы бойынша дебиторлық берешегі Клиентпен дереу өтелуге жатады.

Бұл ретте, Қайтару операциялары бойынша Банкпен бұрын ұсталған Процессордың сыйақы сомасы қайтарылмайды. Егер Процессордың (Банктің) болдырмау/қайтару сомасын өндіріп алу туралы талабын Клиент алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Клиентке кейінгі аудару сомасы Карта ұстаушысына қайтару/болдырмау сомасының шамасына жетпеген жағдайда, Клиент Процессорға Эквайринг шартында Клиентке аударуға жататын сомалардан Клиентке қосымша өкімдерсіз (акцептісіз) қайтару/болдырмау сомаларын Банкке ұстау өкімдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс. Қайтару/болдырмау сомасын ұстап қалу үшін ақшалай қаражаттар болмаған/жеткіліксіз болған жағдайда, Клиент Процессордан көрсетілген қайтару/болдырмау сомасын өндіріп алумен туындаған зиянды өтеу мақсатында, оның шотына қайтару/болдырмау сомасын Процессорға аударуға міндетті. Аталған аудару Процессормен тиісті талап жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

6.3. Клиент осы Шарттың 5.4. және 6.1.-тармақтарында белгіленген Клиент тапсырмаларының осы Шартқа сәйкес Клиентке аударуға жататын сомалардан ақшалай қаражатты есептен шығаруға Банк талаптарының Клиент акцептісі (күні бұрын аталған акцепт) болып табылатынын растайды.

7. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау

7.1. Процессор Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген қызметтердің көрсетуін ХТЖ-ның ақпараттық қауіпсіздікті — PCI DSS қамтамасыз етуге қойған талаптары кіретін деректер қауіпсіздігі стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.2. Сатып алушы Клиенттің Тауарларын төлеу үшін Картаны пайдаланған кезде Карта ұстаушысы және Эмитент арасындағы келісіммен белгіленген сәйкестендіру рәсімінен өтеді.

7.3. Процессормен Банктен, Эмитенттен және/немесе ХТЖ-дан Төлеу операциясы жүргізілген Тауарлар үшін төлемнің рұқсат етілмеген болып табылатыны туралы ақпаратты алған жағдайда, Банк Шарттың 5.4.-тармағына сәйкес рұқсат етілмеген төлемнің сомасын ұстап қалуға құқылы.

8. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі

8.1. Процессор Клиентпен оның алдында өзінің міндеттерін орындағаны, орындамағаны үшін жауапты болмайды.

8.2. Клиент Клиенттің тарифтеріне (прейскуранттарына) Процессормен жасалған аударма сомасының сәйкессіздігі болған жағдайда туындайтын, Сатып алушылармен кез келген дауларды өздігінен шешеді.

8.3. Соттың Процессормен Клиентпен бұлайша ұсынылған, аталған тұлғаны дараландыру құралын заңсыз пайдалану негізі бойынша (осы Шарттың 4.3.8.-тармағында көзделген, тиісті тұлғаның жазбаша келісімі болмағанда) Процессордан үшінші тұлғалардан пайдасына ақшалай қаражатты өндіріп алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, Клиент Процессормен заңды күшке енген сот шешімінің көшірмесін қоса беріп, Процессордың тиісті наразылығын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күші ішінде, осы тармақтың екінші абзацында көзделген іс-әрекеттерді жасаған жағдайда, Процессорға осы Шарттың 4.3.8.-тармағында көзделген өзінің міндеттемесінің бұзумен келтірілген залалдарды, тиісті сот актісі негізінде үшінші тұлғаның пайдасына Процессордан өндіріп алынған толық сома мөлшерінде, Процессордың сот шығыстарының сомасын, сонымен қатар Процессордың сот шығыстарының сомасын өтеуге міндеттенеді. Үшінші тұлғамен Процессорға осы тармақтың бірінші абзацта көрсетілген негіз бойынша талап арыз қойылған жағдайда, Процессор Клиентке осындай талап арызды сотпен іс жүргізуге қабылдау туралы хабарлауға және де бірінші сатыдағы алдын ала сот отырысында Клиентті тиісті іске үшінші тұлға немесе ортақ жауапкер ретінде қатысуға тарту туралы өтінішхатты білдіруге міндеттенеді.

8.4. Клиентпен Шарттың 6.2-тармағында белгіленген ақшалай қаражатты аудару мерзімі бұзылған кезде, Клиент Процессорға мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін

аударуға жататын сомадан 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

8.5. Процессор Клиенттің Процессормен қызметтерді көрсетуді тоқтатумен, сонымен қатар Шарттың 3.4., 3.6.-тармақтарында көрсетілген жағдайларда Банкпен Операциялары жүргізуді тоқтатумен байланысты ықтималды залалдар үшін жауапты болмайды, егер осындай тоқтатуда Процессордың тікелей кінәсі дәлелделмесе.

8.6. Процессор Процессордан тәуелді емес себептермен туындаған, оның ішінде үшінші тұлғалардың кінәсі бойынша, сондай-ақ еңсерілмейтін күш жағдайлары бойынша Жүйенің дұрыс жұмыс істемегені және/немесе уақытша жұмысқа қабілетсіздігі үшін жауапты болмайды.

8.7. Клиент онымен Процессордан алынған есептік деректердің сақталуы үшін жауапты болады. Процессор үшінші тұлғалармен Жеке кабинетті пайдаланғаны үшін жауапты болмайды, осыған орай Клиенттің құрылғысынан немесе Клиенттің Жеке кабинетін пайдаланумен жасалған барлық әсер етулер Клиенттің іс-әрекеттері болып саналады.

8.8. Егер Жүйеде Клиентпен Шарттың 2.9., 2.10.-тармақтарының ережелерін бұзу себебі бойынша орын алған қателер/іркiлiстер нәтижесінде Процессорға, Сатып алушыларға/Карталар ұсташыларынан Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға зиян келтірілсе, мұндай зиян Процессордан тиісті талап алынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде толық көлемде өтелуге жатады.

8.9. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу салдарынан Банкпен, Сатып алушымен және/немесе мемлекеттік және бақылаушы органдармен, немесе үшінші тұлғалармен қойылған және Клиентпен Шарттың ережелерін және/немесе ҚР заңнамасын бұзу салдарынан туындаған айыппұл санкциялары, сонымен қатар Процессорға осыған байланысты келтірілген зиян Клиентпен Процессордан тиісті талап алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде толық көлемде өтеледі.

8.10. Тараптардың әрқайсысы онымен дербес деректерді қорғау туралы заңнаманың бұзғаны үшін дербес жауапкершілікті көтереді.

8.11. Тараптардың осы Шарт бойынша немесе онымен байланысты келіссөздер жолымен реттелуге тиіс. Наразылық егер бір Тараппен басқа Тараптың Шартта немесе Сауалнамада көрсетілген заңды мекенжайына немесе осы Шартта немесе Сауалнамада көрсетілген басқа тараптың электрондық мекенжайына жіберілсе, тиісті түрде жеткізілген деп саналады.

Наразылықты алған Тарап Наразылықты алған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде оған жазбаша жауапты беруге міндетті.

8.12. Тараптардың келіссөздері жолымен реттелмеген, осы Шарт бойынша немесе олармен байланысты Тараптардың кез келген даулары мен келіспеушіліктері Алматы

қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешуге жатады.

9. Құпиялылық

9.1. Осы Шартты жасасу фактісі Тараптармен құпиялы ақпарат ретінде қаралмайды.

9.2. Тараптар келесі ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді:

- осы Шарттың талаптары туралы;
- олар туралы ақпарат Клиентке берілген аудармалардың саны мен сомасы туралы;
- олар туралы ақпарат Процессормен берілген аудармалардың сомасын салыстыруға негізделген статистикалық деректер туралы және де аударма бойынша басқа Процессорлардың аудармалары туралы деректер;
- Тараптармен алынған өзге ақпаратты немесе Осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау барысында белгілі болған ақпаратты, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай ақпаратты ұсынуға міндетті болған жағдайларды қоспағанда.

9.3. Процессор ХТЖ-ға, уәкілетті мемлекеттік органдарға, аталған ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ХТЖ бағдарламаларында пайдалану және Операцияларды жүргізу және өзге ХТЖ бағдарламалары кезінде алаяқтықты болдырмау мақсаттарында, сонымен қатар кінәрат-талаптық Операциялар бойынша дауларды реттеу үшін, Карточка ұстаушысының тапсырмасы бойынша Операцияларды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тәулік бойы ақпараттық-технологиялық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету мақсаттарында Банкке келесі деректемелерді қоса алғанда: Клиенттің/Дүкеннің атауы, БСН, Дүкеннің сауда атауы, Сатып алушының ТАӘ, заңды/пошталық мекенжай, телефон/факс нөмірі, электрондық поштаның/сайттың мекенжайы, Дүкеннің Интернет желісіндегі бірегей мекенжайы (URL), банктік деректемелер және т.б.) Шартқа байланысты белгілі болған Клиентке, Дүкенге, Сатып алушыларға қатысты ақпаратты ұсынуға құқығы бар.

10. Шартты қолдану мерзімі және тоқтату тәртібі

10.1. Осы Шарт оны жасасу күнінен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай бойы қолданылады.

10.2. Егер де бірде бір Тарап басқа Тарапқа осы Шартты қолдану мерзімі аяқталған соң (оның ішінде кезекті) кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын өзінің осы

Шартты қолдану мерзімін ұзартуға ниетінің жоқтығы туралы қағаз тасығышта жазбаша нысанда хабарламаған жағдайда, осы Шартты қолдану мерзімі автоматты түрде 12 (он екі) күнтізбелік айға ұзартылады. Осындай хабарлама Тараптармен осы Шартты орындаудан бір жақты бас тарту ретінде қаралмайды. Осы Шартты қолдану мерзімі осы тармаққа сәйкес шексіз рет ұзартылуы мүмкін.

10.3. Кез келген Тарап осы Шартты одан әрі орындаудан бір жақты бұзуға құқылы. Бұл мақсаттар үшін ол жазбаша нысанда басқа Тарапқа Шартты орындаудан бас тартудың болжамды күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, өзінің Шартты орындаудан бас тартудың ниеті туралы хабарлайды. Хабарлама қағаз тасығышта жазбаша нысанда жасалуға және Шартты бұзу себебіне нұсқауды қамтуға тиіс.

10.4. Осы Шарттың 5.4-тармағында көрсетілген Клиенттің Процессорға Банкке төленген ұстап қалулардың сомасын өтеу міндеттемесіне қатысты, тараптардың қатынастары осы Шарт тоқтатылған сәттен бастап 180 күн бойы жалғасады.

10.5. Осы Шарт тоқтатылғанға дейін туындаған, Шарт бойынша Тараптардың барлық өзге міндеттемелері олар толықтай орындалғанға шейін сақталады.

11. Өзге талаптар

11.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар оның ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Шартты жасасу сәтіне қосымшалар:

№1. [Клиенттің сауалнамасы;](#)

№2. [Көрсетілген қызметтер туралы актінің нысаны;](#)

№3. [Сайтқа қойылатын талаптар.](#)

№4 [Қосылу туралы өтініш](#)

11.2. ҚР АҚ-ның 402-бабының 1-бөлігіне сәйкес Процессор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын есепке ала отырып, Шарттың талаптарына өзгерістерді енгізуге құқылы. Бұл ретте Процессормен Шартқа енгізілген өзгерістер Процессордың сайтында немесе Жүйеде Шарттың жаңа редакциясын Процессормен орналастырылған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кейін Тараптар үшін міндетті болады.

11.3. Тараптар егер жіберу Шартта және Сауалнамада көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша нысанда жасалған жағдайда кез келген хабарламалар мен корреспонденция тиісті түрде жіберілген деп саналады. Сонымен бірге, Тараптар Шарт бойынша хабарлаудың келесі тәсілдерін тиісті деп таниды:

- ақпаратты Процессордың сайтында немесе Жүйеде орналастыру арқылы – Шарттың мәтініндегі, Тарифтердегі, адамдардың кең шеңберіне қатысты өзге де құжаттардағы өзгерістер туралы, сонымен қатар Процессордың және Жүйенің режиміндегі және жұмыс кестесіндегі ауытқулар туралы хабарламалар үшін;
 - Процессормен Клиенттің Жеке кабинетінде ақпаратты орналастыру арқылы – адамдардың кең шеңберіне қатысты, сонымен қатар Клиентке дербес түрде қатысты хабарламалар мен жаңалықтар үшін;
 - Клиентпен Сауалнамада көрсетілген электрондық поштаны пайдаланумен – Процессормен Клиенттің мекенжайына адамдардың кең шеңберіне қатысты, сонымен қатар Клиентке дербес түрде қатысты оқиғалар туралы хабарламалар үшін.
- 11.4. Бірде бір Тарап осыған басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін беруге құқылы емес.
- 11.5. Тараптар осы Шартты орындау үшін жауапты тұлғалардың оны жасасу сәтіне мыналар болып табылатынын келіседі:

ПРОЦЕССОРДАН

Шартты орындаумен байланысты жалпы мәселелер жөнінде

Сатулар бөлімі	Телефон: +7 771 780 9675 E-mail: cso@paymtech.kz
----------------	--

Қаржылық мәселелер жөнінде

Бухгалтерия	E-mail: finance@paymtech.kz
-------------	--------------------------------

Техникалық мәселелер жөнінде

Қоладу қызметі	E-mail: support@paymtech.kz
----------------	--------------------------------

ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

ПРОЦЕССОР:

КЛИЕНТ:

«PaymTech» ЖШС

БСН 210840004064

Заңды мекенжай: 050059, Алматы
қаласы,

Әль-Фараби даңғылы, 47/79, 1

ЖСК KZ128562203116433418

«Банк ЦентрКредит» АҚ

БСК КСJBKZKX

Email: support@paymtech.kz

Сайт: www.paymtech.kz

Директор

Нуржаупов У.Б.

М.О.

Шотты ашпай жеке тұлғаларға аударымдарды жүзеге асыру кезінде
техникалық
қолдау қызметтерін көрсетуге арналған қосылу шартына
№ 1 Қосымша

**Шотты ашпай жеке тұлғаларға аударымдарды жүзеге асыру кезінде
техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған қосылу шартының
талаптарына қосылу туралы өтініш,
бұдан әрі мәтін бойынша — Өтініш**

Алматы қ.

202_ж. «

» _____

Толық атауы

(бұдан әрі мәтін бойынша — «Кәсіпорын»):

Қысқаша атауы:

Орналасқан орнының заңды мекенжайы:

Орналасқан орнының нақты мекенжайы:

Кәсіпорынның басшысы туралы мәліметтер:

БСН/ЖСН:

Интернет-сайттың домені:

Банктік деректемелер (өтеу үшін):

Есептік шот (ЖСК):

Банктің атауы:

Банктің БСК:

Банктің БСН:

Телефон/Факс:

Электрондық поштаның мекенжайы:

Қызметтің түрі:

МСС:

Айналымдар:

Процессордың %-бен операцияның сомасынан сыйақысы:

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сонымен қатар шотты ашпай жеке тұлғалардың аударымдарын жүзеге асыру кезінде техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған қосылу шартымен (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) белгіленген қағидалар мен талаптарды басшылыққа алып, Кәсіпорын жалпы алғанда өзінің Шартқа қосылудың ниетін білдіреді және айтады, ал RaumTech, бұдан әрі мәтін бойынша — Процессор, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабы негізінде осы Шартқа қосылу өтінішін қабылдайды.

2. Осымен Кәсіпорын Кәсіпорынмен толтырылған және RaumTech-ке қолма-қол ұсынылған осы Өтініште, сондай-ақ Шартты жасасу үшін ұсынылған құжаттарда көрсетілген деректердің барлық толықтығын, дәлдігін және сенімділігін растайды.

3. Осымен Кәсіпорын Процессор комиссиясының мөлшері туралы ақпаратты қоса алғанда, Шарттың барлық талаптарымен танысу фактісін растайды, және де Шартпен белгіленген қағидаларды сақтауға және талаптарды орындауға, сонымен қатар Процессордың талабы бойынша Шарттың талаптарын орындау және Шартқа қосылу үшін қажетті кез келген ақпаратты Процессордың талабы бойынша ұсынуға міндеттенеді.

4. Осы Өтінішке қол қою арқылы Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кез келген тәсілдермен Өтініште көрсетілген байланыс деректерін, Шартты жасасу және орындау кезінде Кәсіпорынмен ұсынылған өзге де деректерді өңдеуге өзінің келісімін ұсынады. Осы келісім Процессорға Шартты қолдану кезінде және нормативтік құжаттармен белгіленген мерзімдерге дейін Процессор олар ішінде Кәсіпорын туралы ақпаратты сақтауға, өзінің бағдарламалық-аппараттық құралдарының көмегімен ұсынылған деректерді өңдеуге құқық береді.

Кәсіпорынның басшысы

(ТАӘ)

(қолы)

Мөр